

Республикалық бюджеттен оралмандар үшін бөлінетін қаражатты мақсатты пайдалану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 18 тамыз N 1194. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.01.06. N 15 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Республикалық бюджеттен оралмандар үшін бөлінетін қаражатты мақсатты пайдалану ережесі бекітілсін.

Ескерту. Тақырып және 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.01.17. N 48 қаулысымен , 2004.02.25. N 225 қаулысымен .

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің "Көшіп келу квотасы және отандастарды Иран Ислам Республикасы мен басқа мемлекеттерден қоныс аударуын ұйымдастыру шаралары туралы" 1993 жылғы 15 сәуірдегі N 1184 қаулысын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1993 жылғы 27 мамырдағы N 437 қаулысының 10-тармағының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 19, 239-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 18 тамыздағы
N 1194 қаулысымен
бекітілген

**Республикалық бюджеттен оралмандар үшін
бөлінетін қаражатты мақсатты пайдалану
Ережесі**

Ескерту. Тақырып және мәтіндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2003.01.17. N 48 қаулысымен , Тақырыбына өзгеріс енгізілді - 2004.02.25. N 225 қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Республикалық бюджеттен оралмандар үшін бөлінетін қаражатты мақсатты пайдалану ережесі "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес республикалық бюджеттен бөлінетін және қоныс аудару іс-шараларын қаржыландыру мен оралмандарды әлеуметтік қорғауға бағытталған қаражатты мақсатты пайдаланудың тәртібін айқындайды. <*>

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.02.25. N 225 қаулысымен .

2. Республикалық бюджеттен оралмандар үшін бөлінетін қаражат:

1) оралмандарға және олардың отбасы мүшелеріне біржолғы жәрдемақылар төлеуге ;

2) оралмандардың отбасыларын көшіруді және олардың мүлкін тасымалдауды ұйымдастыруға ;

3) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген квотадағы ұйымдасқан көшіруден тыс Қазақстан Республикасына қоныс аударған оралмандардың отбасыларына көлік шығындарын (жолақысын және мүлік тасымалы ақысын) өтеуге ;

4) оралмандарды жүрген жолдары бойында және тұрақтайтын орнына жеткенше тамақ және дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз етуге ;

5) оралмандар отбасыларының тұрғын үй сатып алуы үшін қаражат бөлуге ; < * >

б) оралмандардың құжаттамалары үшін ақы төлеуге жұмсалады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.25. N 225 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасының халықтың көші-қон мәселелері жөніндегі орталық атқарушы органы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің белгіленген мерзімде және нысан бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне :

1) шығыстардың жұмсалған бағытын көрсете отырып міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын; <*>

2) республикалық бюджеттен оралмандарға қатысты көші-қон іс-шараларына бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті тапсырады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.25. N 225 қаулысымен .

4. Қаржыландыру Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі орталық атқарушы органы арқылы жүзеге асырылады.

5. Оралмандарға біржолғы жәрдемақы тағайындауды оралмандардың тұрған орындары бойынша халықтың көші-қон мәселелері жөніндегі аумақтық

о р г а н д а р ы ж ү р г і з е д і .

Біржолғы жәрдемақыны тағайындау туралы өтінішке оралманның жеке басын куәландыратын құжаттар қоса тапсырылады.

6. Оралмандарға біржолғы жәрдемақы:
отағасына - он бес есе айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;
отбасының әрбір мүшесіне - он есе айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде
тағайындалады.

Айлық есептік көрсеткіш Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тағайындау сәтінде есептеледі.

Отағасы оралман жанұясының басшысы болып саналады.

7. Оралмандарға біржолғы жәрдемақыларды төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен қолма-қол ақша түрінде жүзеге асырылады.

Оралманның қалауы бойынша біржолғы жәрдемақы қолма-қол емес нысанда да берілуі мүмкін.

8. Оралмандардың қоныс аударуын және олардың мүлкін тасымалдауды жыл сайын белгіленетін көші-қон квотасына сәйкес Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі орталық атқарушы органы ұйымдасқан түрде жүзеге асырады.

9. Оралмандар ұйымдасқан түрде қоныс аударған кезде республикалық бюджетке бөлінетін қаражат:

1) көлік ұйымдарының қызметтеріне оралманның отбасы мүлкін тасымалдаудың нормасы 1000 килограмнан аспайтын салмақта белгіленеді);

2) тұрақты шекаралық бақылау пункттері жоқ аймақтарда, оралмандар шекараны кесіп өтетін жерлерде уақытша бақылау-өткізу пункттерін ұйымдастыру қызметіне;

3) көші-қон ұйымдары қызметкерлерінің іссапарларына ақы төлеуге пайдаланылады.

10. Қазақстан Республикасына квота есебімен келген оралмандардың өз бетімен қоныс аударуы және мүлкін тасымалдауы жағдайында шығындарды өтеу мынадай мөлшерлерде жүзеге асырылады:

1) әрбір оралманның өткені үшін ақы жол жүру құжаттарын тапсырған жағдайда (авиакөліктен басқа) іс жүзіндегі шығындар бойынша, бірақ он есе айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде жүргізіледі;

2) оралманның отбасының жеке мүлкін өткізу үшін шығынды төлеу көліктік қызмет көрсету туралы құжаттар тапсырылған жағдайда, бірақ оралманның отбасы үшін он бес есе айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомда жүргізіледі.

Көліктік шығындар оралманның отбасына Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен өтеледі.

11. Тамақ өнімдерімен және дәрі-дәрмек заттарымен қамтамасыз ету бір оралманға арналған есептік көрсеткіш мөлшерінің елу процентінен аспайтын есеппен жүргізіледі.

12. Көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандар отбасыларының тұрғын үй сатып алуы үшін қаражат бөлуді отбасының бір мүшесіне жүз еселенген айлық есептік көрсеткіш есебімен келген жері бойынша халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі аумақтық органдар жүргізеді.

Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі аумақтық орган оралман отбасы отағасының оралман куәлігінің және тұрғын үй сатып алу үшін бөлінген қаражатты мақсатты пайдалану жөніндегі міндеттеменің нотариалды түрде расталған көшірмелерін ұсынуы бойынша оралмандар отбасы отағасының екінші деңгейдегі банкте алдын ала ашқан жеке шотына қаражатты аударады. <*>

Бұл ретте оралмандардың жеке шотына аударылған бөлінген қаражат сомасы мен сатып алынатын тұрғын үйдің сатып алу құны арасындағы теріс айырма оралмандардың өз қаражаты есебінен қосымша төленеді, ал оң айырма оралмандардың өздерінде қалады. <*>

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.02.25. N 225 қаулысымен , 2004.07.08. N 747 қаулысымен .

13. Қазақстан Республикасы ішкі істер және әділет органдарының оралмандарды құжаттамалау (мекендеу рұқсаты немесе Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі) жөніндегі қызметіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының азаматтары үшін осы құжаттардың белгіленген құны мөлшерінде жүргізіледі.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.01.17. N 48 қаулысымен , 2004.02.25. N 225 қаулысымен , 2005.02.14. N 140 қаулысымен.